

Н. БЕРІКҚЫЗЫ¹, А.Б. ДОСЫБАЕВА²¹PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: nursik_141@mail.ru²филология ғылымдарының кандидатыӨ. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: dos_aitgul@mail.ru**АСҚАР ЕГЕУБАЕВТЫҢ ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІН АУДАРУДАҒЫ ЕҢБЕГІ**

Аңдатпа. Бұл мақалада көрнекті ғалым, аудармашы және зерттеуші Асқар Егеубаевтың ежелгі түркі дәуірі әдеби мұраларын қазақ тіліне тәржімалаудағы ғылыми және шығармашылық еңбегі кеңінен қарастырылады. Ғалымның Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанын және Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» энциклопедиялық еңбегін аударып, ғылыми айналымға енгізуі – түркі өркениетінің рухани тұтастығын жаңғыртудың, ұлттық әдебиеттанудағы жаңа бағыт қалыптастырудың айғағы ретінде сипатталады. Зерттеу барысында Асқар Егеубаевтың аудармашылық шеберлігі, ғылыми талдау тәсілдері мен түпнұсқаның көркемдік-эстетикалық табиғатын сақтаудағы ұстанымы жан-жақты талданады.

Мақалада ғалымның аудармаларында ежелгі түркі әдебиетінің идеялық, философиялық және поэтикалық жүйесі бүгінгі қазақ әдебиетінің дүниетанымдық арналарына сабақтастырылып көрсетіледі. Автор көне тіл мен қазіргі қазақ тілінің байланысын, мәдени және тарихи контекстегі сабақтастықты айқындай отырып, аударманың тек тілдік емес, сонымен қатар мәдени және өркениеттік құндылық ретіндегі маңызын ашады. Асқар Егеубаевтың ғылыми көзқарастары мен зерттеу еңбектері қазіргі әдебиеттанудағы аударматану, текстология және тарихи-компаративтік талдау әдістерінің тоғысқан үлгісін көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде ғалымның еңбектері арқылы түркі халықтарының ортақ мәдени коды мен көркемдік дүниетанымы жаңа қырынан танылып, ұлттық рухани дәстүрдің үздіксіз жалғасымын дәлелдейтін тың тұжырымдар жасалды. Асқар Егеубаевтың көне әдебиет үлгілерін аудару арқылы түркілік ойлау жүйесін, адамгершілік және мемлекеттілік идеяларын бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуі – қазақ әдебиеттану ғылымындағы ірі жетістік ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: «Құтты білік», ежелгі дәуір әдебиеті, құндылық, ұлттық дәстүр, қолжазба, әдеби жәдігер.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Берікқызы Н., Досыбаева А.Б. Асқар Егеубаевтың ежелгі әдебиет үлгілерін аударудағы еңбегі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 214–223. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.286>

***Cite us correctly:**

Berikqyzy N., Dosybaeva A.B. Asqar Egeubaevtyн ezhelgi adebiet ulgilerin audarudagy enbegi [The Work of Askar Yegenbayev in the Translation of Examples of Ancient Literature] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – Б. 214–223. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.286>

Мақаланың редакцияға түскен күні 12.04.2025 / жарияланған күні 30.12.2025

N. Berikkyzy¹, A.B. Dosybaeva²

¹*PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: nursik_141@mail.ru*

²*Candidate of Philological Sciences
South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov
(Kazakhstan, Shymkent.), e-mail: dos_aitgul@mail.ru*

The Work of Askar Yegenbayev in the Translation of Examples of Ancient Literature

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the scholarly and creative contributions of the prominent Kazakh scholar, translator, and researcher Askar Egeubaev in translating and studying the monuments of Ancient Turkic literature. His translation of Yusuf Balasaguni's "Kutadgu Bilik" and Mahmud al-Kashgari's "Divanu Lugat at-Turk", and their introduction into academic circulation, are characterized as a significant step in reviving the spiritual unity of Turkic civilization and shaping a new direction in Kazakh literary studies. The research analyzes Egeubaev's translation expertise, his methodological approaches, and his principles aimed at preserving the artistic and aesthetic essence of the original texts.

The article reveals that Egeubaev's translations present the ideological, philosophical, and poetic system of ancient Turkic literature in continuity with the worldview of modern Kazakh literature. The study emphasizes the connection between ancient and modern languages, the historical and cultural continuity of the literary tradition, and translation as not only a linguistic but also a civilizational phenomenon. His academic perspectives demonstrate a synthesis of translation studies, textological analysis, and historical-comparative methods. The results highlight that Egeubaev's works reinterpret the cultural code and artistic worldview of Turkic peoples, thereby confirming the continuity of national spiritual traditions. His translations of ancient literary works, which convey the Turkic worldview, moral values, and statehood ideals, are recognized as a major contribution to the development of Kazakh literary scholarship.

Keywords: blessed shaft, ancient literature, value, national tradition, manuscript, literary relic.

Н. Бериккызы¹, А.Б. Досыбаева²

¹*PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: nursik_141@mail.ru*

²*кандидат филологических наук
Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: dos_aitgul@mail.ru*

Заслуга Аскара Егеубаева в переводе образцов древней литературы

Аннотация. В данной статье всесторонне рассматривается научная и творческая деятельность видного ученого, переводчика и исследователя Аскара Егеубаева в области перевода памятников древнетюркской литературы на казахский язык. Перевод учёным поэмы Жусупа Баласагуна «Кутадгу билик» и энциклопедического труда Махмута Кашгари «Дивану лугат ат-тюрк» и их введение в научный оборот характеризуются как важный шаг в возрождении духовного единства тюркской цивилизации и формировании нового направления в отечественном литературоведении. В исследовании анализируются переводческое мастерство А. Егеубаева, его научные методы и принципы сохранения художественно-эстетической природы оригинала.

В статье показано, что в его переводах раскрывается идейно-философская и поэтическая система древнетюркской литературы, осмысленная через призму современного казахского литературного мировоззрения. Автор рассматривает связь древнего и современного языка, историко-культурную преемственность и значимость перевода как не только языкового, но и культурно-цивилизационного феномена. Научные взгляды и исследования Егеубаева демонстрируют синтез методов переводоведения, текстологии и историко-сравнительного анализа. В результате исследования выявлено, что труды учёного по-новому раскрывают культурный код и художественное мышление тюркских народов, подтверждая непрерывность национальной духовной традиции. Перевод Аскара Егеубаева памятников древней литературы, передающий тюркскую систему мышления, нравственные и государственные идеалы предков, рассматривается как значительный вклад в развитие казахского литературоведения.

Ключевые слова: благословенный вал, литература древности, ценность, национальные традиции, рукопись, литературная реликвия.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің даму тарихы түркі өркениетінің рухани кеңістігімен, ортақ мәдени және тілдік мұраларымен тығыз байланысты. Әдебиеттану ғылымында ежелгі түркі жазба ескерткіштерін зерттеу мен аудару мәселесі – ұлттық әдебиеттің бастауларын терең тануға, оның поэтикалық, идеялық және дүниетанымдық негіздерін анықтауға жол ашады. Осы тұрғыда көрнекті ғалым, аудармашы және зерттеуші Асқар Егеубаевтың еңбегі айрықша мәнге ие. Ол көне дәуір әдебиетін қазақ оқырманына жақындату арқылы ұлттық әдеби ойдың іргетасын тарихи контексте қайта жаңғыртқан тұлға ретінде бағаланады.

Асқар Егеубаевтың аудармашылық және зерттеушілік қызметі түркілік дүниетанымды, ежелгі әдебиеттің көркемдік болмысын ғылыми тұрғыдан пайымдауға бағытталған. Оның Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін тәржімалауы – тек көркем шығарманы жеткізу тәжірибесі ғана емес, сонымен қатар ғылыми дәлдік пен тарихи сана үндестігін айғақтайтын ірі еңбектер. Ғалымның бұл аудармалары арқылы түркі халықтарының ортақ рухани коды, мәдени сабақтастығы мен әдеби дәстүрінің үзілмес арқауы айқындалды.

Көне дәуір мұраларын қазіргі қазақ тіліне тәржімалау – аса күрделі ғылыми міндет. Өйткені ежелгі түркі тілінің морфологиялық және синтаксистік құрылымы, оның семантикалық жүйесі мен көркемдік категориялары бүгінгі әдеби тілден өзгеше. Осы тұрғыдан алғанда, Асқар Егеубаевтың аудармадағы басты ұстанымы – түпнұсқа мәтіннің рухын сақтау мен оны қазіргі тілдік санаға бейімдеу арасындағы тепе-теңдікті табу. Ол тарихи дерек пен көркем сөз табиғатын үйлестіре отырып, аудармаға ғылыми талдау элементтерін енгізді. Бұл тәсіл аударматану ғылымының теориялық-әдістемелік өрісін кеңейтті.

Асқар Егеубаев шығармашылығының өзектілігі – ежелгі түркі әдебиетінің идеялық, этикалық және эстетикалық құндылықтарын бүгінгі әдебиеттану тұрғысынан жаңаша пайымдауда. Ғалым өз еңбектерінде әдебиеттің тарихи сабақтастығы мен ұлттық идеяның көрінісін түркілік өркениет контекстінде қарастырды. Бұл тәсіл әдебиет тарихын тұтас рухани жүйе ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Егеубаев аудармалары қазақ әдебиетінің көркемдік тілі мен стильдік жүйесін байытып, ұлттық сөз өнерінің мүмкіндіктерін кеңейтті.

Бұл туралы кітаптың алғы сөзінде Асқар Егеубаев «Түркілер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиеттерге ие» [1], - деп жазады.

Мақаланың ғылыми өзектілігі – Асқар Егеубаевтың ежелгі әдеби мұраларды аудару арқылы түркілік әдеби дәстүрді жаңғыртудағы рөлін айқындауда. Бұл зерттеу көне түркі және қазіргі қазақ әдебиеттерінің арасындағы тарихи, көркемдік және идеялық байланыстарды саралап, аударма мен зерттеудің өзара ықпалдастығын көрсетеді. Ғалымның әдіснамалық ұстанымы тек мәтінді жеткізумен шектелмей, оны тарихи-философиялық категориялар тұрғысынан талдауға негізделеді.

Мақаланың мақсаты – Асқар Егеубаевтың ежелгі әдебиет үлгілерін аударудағы еңбегін, ғылыми пайымдау тәсілін және ұлттық әдебиетке қосқан үлесін талдау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер айқындалды:

- аудармашының шығармашылық әдісін және түпнұсқаға қатынасын анықтау;
- ежелгі түркі әдебиеті мен қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік сабақтастығын көрсету;
- Егеубаевтың аударматану мен әдебиеттану саласына қосқан ғылыми жаңалықтарын жүйелеу.

Осы зерттеу арқылы Асқар Егеубаевтың еңбектері тек аударма ретінде емес, қазақ әдебиеттануының дербес ғылыми бағытына айналған құбылыс ретінде қарастырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Асқар Егеубаевтың ежелгі түркі әдебиет үлгілерін қазақ тіліне аударудағы ғылыми және шығармашылық қызметін кешенді тұрғыда қарастыруды мақсат етеді. Ғалымның еңбектері тек тілдік немесе поэтикалық трансформацияны көрсетіп қана қоймай, түркі өркениетінің рухани мұраларын заманауи гуманитарлық ғылым кеңістігіне енгізудің нақты үлгісін танытады. Сондықтан бұл зерттеудің материалдық және әдіснамалық базасы кең көлемді, көпқырлы сипатта құрылды.

Негізгі зерттеу материалы ретінде Асқар Егеубаев аударған екі ірі көне түркі мұрасы – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» энциклопедиялық еңбегі алынды. Бұл шығармалар түркі халықтарының мәдени-рухани тарихында ерекше орын алады және әдебиет пен философия, тіл мен мәдениет тоғысында тұрған синкретті туындылар болып табылады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында ғалымның осы еңбектеріне қатысты алғы сөздері, ғылыми түсіндірмелері, мақалалары мен сұхбаттары қосымша дереккөз ретінде қарастырылды. Бұл материалдар арқылы Егеубаевтың ғылыми көзқарасы, зерттеу әдісі және мәтінмен жұмыс істеу принциптері айқындалды.

«Құтты біліктің» бізге үш түрлі қолжазбасы жеткен. Оны ғ.а.к. Ә. Нысанбаевтың ғылыми зерттеулерінен байқауға болады [2]. Олардың әрқайсысының өзіндік тарихы бар, бүгінге дейін жету жолы тұнған сыр мен аңызға толы. Солардың бірі – Вена нұсқасы, қазіргі уақытта Венада сақталуда. Бұл нұсқа кейде көшірілген жеріне байланысты Ғират нұсқасы деп те аталады. Академик А.Н. Кононовтың зерттеулері бойынша, қолжазбаны 1439 жылы 17 маусымда Хасан Қара Сейіл Шамс есімді адам көшіріп аяқтаған болуы мүмкін. Алғашында араб әрпімен жазылған бұл нұсқа кейін ұйғыр әрпіне көшірілген. Белгісіз себептермен ол Ғираттан Түркияның Тоқат қаласына жетіп, кейін 1474 жылы Стамбұлға жеткізілген. «Хыжра бойынша 879 жылы, жылан жылы Тоқаттан Стамбұлға Фенәризада Қади Әлі Әбдіразақ Шейх-заде Бақсы үшін жаздырылып алынды» деген жазба кездеседі [3]. Қолжазба түрлі адамдардың қолынан өткенін растайтын деректер де бар. Мысалы, 13–14-беттерінде «Біз Налбанда Хамзадан сатып алдық. Хайреддин молланың жұма мешітінің жанында; делдал Хожа Қажы куәгер» деген жазу кездеседі. 1796 жылы Австрия ғалымы

Иосиф фон Хаммер-Пургшаль бұл қолжазбаны букинистен сатып алып, Венадағы Король кітапханасына тапсырады. Бұл нұсқаны алғаш рет венгер ғалымы Г. Вамбери 1870 жылы Инсбург қаласында жарыққа шығарды. Кейінірек, 1890 жылы орыс ғалымы В.В. Радлов оны жариялады [3].

Екінші қолжазба – араб әрпімен жазылған Каир нұсқасы. Ол 1896 жылы Каир қаласында анықталған. Кейін 1898 жылы бұл қолжазбаның көшірмесі ғылыми мекемеге жеткізіліп, жарыққа шығарылды. Қазіргі уақытта ол Ресей Ғылым академиясының Шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімшесінде сақтаулы.

Үшінші нұсқа – ең толық және жақсы сақталған Наманған (Ферғана) қолжазбасы. Бұл да араб әрпімен жазылған. Ол 1913 жылы Наманған қаласындағы жеке кітапханалардың бірінен табылған. Кейін, 1925 жылы, бұл қолжазба қайта зерттеліп, оған қысқаша сипаттама жазылған. Бүгінде ол Өзбекстан Ғылым академиясының Шығыстану институтында сақталуда.

Үш нұсқаны салыстыра қарағанда, Каир мен Наманған нұсқалары бір-біріне жақын, ұқсас болып келеді, ал Вена-Ғират нұсқасы олардан біраз ерекшеленеді.

«Құтадғу біліктің» алғашқы үзінділерін неміс тіліне аударып, толық басылымын жасаған ғалым – Г. Вамбери. Одан кейін В.В. Радлов бұл шығарманы өз нұсқасында неміс тіліне аударып, жариялады. Баласағұн қаласының (Жетісу өңіріндегі) тұрғыны болған ақын өз дастанын бастапқыда араб жазуымен жазған, бұл ретте ұйғыр жазба тілінің ықпалы сезілмеген. Алайда шығарма Қашқарда аяқталып, ханға ұсынылған кезде, оны ел ішінде кеңінен тарату мақсатында ұйғыр әрпімен қайта көшірілгені байқалады [4]. Үш қолжазбаның негізінде транскрипцияланған құрама мәтінді, толық аударманы және индекстік сөздікті жасауда түрік ғалымы Р.Р. Араттың еңбегі зор.

Қосымша ретінде Асқар Егеубаев еңбектерін талдаған басқа зерттеушілердің (Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, Б. Сағындықұлы, Р. Бердібаев, А. Сейдімбек және т.б.) мақалалары мен еңбектері пайдаланылды. Бұл дереккөздер ғалым еңбектерінің әдебиеттану кеңістігіндегі орнын контекстуалды тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістері көпдеңгейлі сипатта таңдалды, себебі нысан — күрделі мәдени және тарихи мәтіндік жүйе.

Салыстырмалы-тарихи әдіс – негізгі әдістердің бірі ретінде қолданылды. Ол арқылы ежелгі түркі мәтіндерінің түпнұсқасы мен Асқар Егеубаевтың аудармалары арасындағы идеялық және көркемдік параллельдер айқындалды. Бұл әдіс, әсіресе, «Құтты білік» дастанының үш нұсқасын (Вена, Каир және Наманған қолжазбалары) салыстыру кезінде ерекше маңызға ие болды.

Текстологиялық әдіс – түпнұсқа мәтіннің құрылымын, лексикалық ерекшеліктерін және синтаксистік жүйесін талдауда қолданылды. Бұл тәсіл Егеубаевтың ғылыми дәлдік пен түпнұсқалық адалдыққа ұмтылысын көрсетуге мүмкіндік берді. Ғалымның әрбір сөздік бірлікке мән беруі мен мағыналық сәйкестікке ұмтылысы оның мәтінге деген жауапкершілігін айқындады.

Мәдениеттанулық талдау әдісі – аудармалардың тек тілдік трансформация емес, сонымен бірге мәдени кодты тасымалдаушы ретіндегі маңызын анықтау үшін қолданылды. Аударма арқылы ежелгі дәуірдің дүниетанымдық категориялары мен адамгершілік, елдік идеялары қазіргі мәдени санаға жаңаша бейнеде жеткізілгені осы әдіспен дәлелденді.

Интертекстуалдық және герменевтикалық әдістер де маңызды орын алды. Интертекстуалдық талдау Егеубаев аудармаларындағы көркем мәтіндер арасындағы байланыс пен тарихи сабақтастықты айқындауға мүмкіндік берсе, герменевтикалық тәсіл арқылы ғалымның ежелгі мәтіндерді түсіндіру және заманауи мәдениетке бейімдеу жолдары

карастырылды. Бұл әдістердің үйлесуі аударманы таза тілдік акт емес, мәдени коммуникацияның ерекше түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысы қазіргі әдебиеттанудың аударматану, компаративистика және мәдениетаралық коммуникация салаларындағы теориялық қағидаларға сүйенеді. Атап айтқанда, Х. Ортега-и-Гассет, В. Комиссаров, Ю. Найда, А. Лефевр сынды ғалымдардың аударма теориясына қатысты еңбектерімен үндестік бар. Қазақ әдебиеттануында бұл бағыттағы ұстанымдар М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Р. Бердібаев, З. Ахметов, Н. Келімбетов еңбектерінде жалғасын тапқан. Асқар Егеубаевтың шығармашылық және ғылыми ұстанымы осы дәстүрдің жалғасы ретінде қарастырылады. Ол аударманы жай тілдік көшіру емес, мәдени және идеялық жаңғырудың тетігі деп түсіндірді. Ғалымның еңбектерінде мәтінді түсіндіруде лингвистикалық дәлдік пен поэтикалық бейнелеудің тең үйлесімі басым.

Мәтіндік талдау барысында аударма мен түпнұсқаның синтаксистік, лексикалық, семантикалық және стильдік деңгейлері жеке-жеке сараланды. Бұл тәсіл Егеубаев аудармаларының құрылымдық тұтастығын, мағыналық дәлдігін және көркемдік үйлесімін айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Егеубаев аудармалары мен кеңестік кезеңдегі басқа тәржімелер арасындағы айырмашылықтар салыстырылды. Бұл салыстыру арқылы ғалымның жаңашылдығы, тарихи контексті сақтаудағы ерекшелігі және авторлық ұстанымы анықталды.

Қолданылған әдістердің кешенді сипаты Егеубаев еңбектерінің көпқырлы табиғатын ашуға мүмкіндік берді. Салыстырмалы, мәтіндік және мәдениеттанулық әдістерді тоғыстыру арқылы зерттеу нысанының тұтас ғылыми бейнесі жасалды. Зерттеу нәтижесінде аудармашының тарихи дерекке, көркем мәтінге және мәдени санаға деген ғылыми көзқарасы айқындалды. Егеубаев еңбектері қазіргі әдебиеттанудағы әдіснамалық дамуға да әсер етті. Оның тәсілдері аударматану мен әдеби компаративистикада ұлттық мектеп қалыптастырудың нақты үлгісі ретінде бағаланады.

Талдау мен нәтижелер

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанынан кейін шамамен төрт жыл өткен соң жазылған Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түрік сөздігі») еңбегі – түркі өркениетінің рухани тарихындағы ең ірі энциклопедиялық туындылардың бірі. Бұл еңбекте азаматтық, бостандық, тәуелсіздік, береке-бірлік сияқты идеялар ғылыми дәйектер мен нақты мысалдар арқылы терең талданады. Ғұлама еңбегі өз дәуіріндегі түркі халықтарының өмір сүру мәдениеті, моральдық және қоғамдық қатынастары туралы жан-жақты деректерді қамтиды [5].

Махмұт Қашқари түркі әлемінің кең ауқымын сипаттай келе: *«Мұсылман болсын, болмасын, Рұм өлкесінен Күншығысқа дейінгі тайпалардың орналасқан мекенін біртіндеп атап өттім»* – деп жазады [6]. Бұл сөйлем оның зерттеу объектісінің ауқымын ғана емес, дүниетанымдық көзқарасының кеңдігін де айғақтайды. Қашқари үшін түркілік өркениет тек этникалық немесе саяси ұғым емес, ол – рухани, мәдени және тілдік тұтастықтың жиынтығы. Оның шығармаларында тәуелділік немесе бодандық ұғымы кездеспейді; керісінше, қаһармандық, еркіндік пен елдік рух айқын сезіледі. Бұл түсінік қазіргі заманғы «мемлекет» категориясынан әлдеқайда кең ұғымды білдіреді.

Қашқари жинаған мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер – сол дәуірдің әлеуметтік құрылымын, мінез-құлық мәдениетін және рухани құндылықтарын бейнелейтін баға жетпес мұра. Мысалы, *«Айғай-сүрең шықса, ру дүрлігер, жау келсе, халық теңселер»* деген мақалға ол: *«у-шу көтерілсе, ұрық-шәріптері жәрдемдесуге өре түрегеледі. Жау тисе – бүкіл халық көтеріледі»* – деп түсініктеме береді [7]. Бұл түсіндірмеден түркі қауымының бірлік пен бауырмалдықты ту еткенін, елдік рухтың негізгі діңгегі ынтымақ екенін байқаймыз.

«Ата баласы атаға тартып туар», «Бұтағы көп ағашқа құс қонар», «Кім түтіндетсе, алдымен өзі ыстанар» секілді қанатты сөздер халықтың әлеуметтік қатынастардағы даналық ұстанымдарын көрсетеді. Мұндай мақалдар түркі қоғамындағы моральдық нормалардың, тәлім-тәрбиелік қағидалардың қалыптасқандығын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, Қашқари мұрасы – тек тілдік ескерткіш емес, этнофилософиялық жүйе, рухани код [8].

Махмұт Қашқаридың сегіз томдық мұрасы – елдік пен мемлекеттілік мұраттардың тарихи сабақтастығын көрсететін ғұламалық мектеп. Оның еңбектеріндегі азат ой, тәуелсіздік рухы, әділет пен ынтымақ идеялары қазіргі замандағы ұлттық сана мен мәдени бірліктің бастау көзін айқындайды. Бұл шығарманың құндылығы – түркі дүниетанымының философиялық және өркениеттік тамырын нақты деректермен ашуында.

Асқар Егеубаевтың ғылыми ізденістері осы мұралардың рухани мазмұнын жаңғыртуға бағытталған. Ғалым «Құтты білік» дастанының қазақ тіліне алғашқы ғылыми аудармасын жасап, оның мәтіндік құрылымын, тілдік ерекшеліктерін және идеялық-философиялық мазмұнын терең талдады. Егеубаевтың пікірінше, бұл дастан – түркі өркениетінің саяси-әлеуметтік, моральдық-философиялық ой жүйесін бейнелейтін энциклопедиялық еңбек [9].

Асқар Егеубаев өз еңбектерінде Баласағұнның өмірі мен шығармашылығын талдай отырып, дастандағы негізгі идеяларды қазіргі заман тұрғысынан түсіндіреді. Ол «Құтты біліктің» басты мақсаты – қоғамдағы әділет, парасат, білім және береке ұғымдарын үйлестіру екенін дәлелдейді. Бұл туындының құрылымында адам мен мемлекеттің, билік пен парасаттың, заң мен моральдың өзара байланысы айқын көрсетілген. Ғалым осы идеяларды қазіргі қазақ қоғамындағы рухани және мәдени жаңғыру мәселелерімен байланыстырады [10]. Асқар Егеубаевтың аудармасы көркемдік мақсаттан гөрі ғылыми және тарихи дәлдікке негізделген. Ол түпнұсқаның мағынасына барынша адал болуға тырысып, жолма-жол тәржіме арқылы ежелгі мәтіннің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерін сақтап қалды. Бұл тәсіл түркі тілдерінің генетикалық бірлігін көрсетуге мүмкіндік берді. Аудармашы мәтінді өңдеп, әрлеп беруден гөрі, түпнұсқаға жақын күйінде ұсынуды жөн санаған. Бұл әдіс ғылыми тұрғыдан дұрыс шешім болды, өйткені тілдік дәлдік тарихи сабақтастықты көрсетудің басты шарты еді.

Егеубаев аударма барысында Рәшит Рахматидің транскрипциясын пайдаланып, оған қазақ тілінің табиғатына сәйкес кейбір түзетулер енгізген. Сондай-ақ, ғалым араб және парсы тілдерінен енген сөздердің фонетикалық құрылымын сақтап, түпнұсқаның тарихи нақтылығын жоғалтпауға ерекше мән берген. Бұл бағыттағы еңбегі В.В. Радлов пен Г. Вамберидің аударма дәстүрімен тығыз байланысты. Мұндай салыстырмалы әдіс оның аудармасын ғылыми тұрғыдан терең әрі дәйекті етеді [11].

Асқар Егеубаевтың еңбегін жоғары бағалаған академик Р. Бердібаев оның тәржімасын түпнұсқаның рухын жоғалтпай, көркемдік жүйесін дәл жеткізген деп атап өткен. Бұл пікір Егеубаевтың ғылыми шеберлігін айғақтайды. Сонымен қатар, әдебиеттанушы Алма Қыраубаева ғалым аудармасының тарихи және көркемдік құндылығына тоқталып, оны түркі мәдениетінің энциклопедиялық жиынтығы ретінде бағалаған [12].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі – мемлекетті басқару мен адамгершілік қағидаларын үйлестірген бірегей туынды. Онда ел басқарушының әдебі, білім мен парасаттың маңызы, халықтың бірлігі мен әділеттің рөлі жан-жақты сипатталады. Ақын билеушінің әділ, парасатты, мейірімді болуының қоғам өміріндегі шешуші мәнін атап өтеді. Сонымен қатар, дастанда елшілердің, кеңесшілердің, әскери басшылардың және қарапайым халық өкілдерінің мінез-құлқы мен әлеуметтік рөлі айқын көрсетілген. Бұл жүйе қазіргі қоғам үшін де өзекті адамгершілік-этикалық бағдар болып табылады [13].

«Құтты білік» поэмасы тек әдеби шығарма емес, ол – философиялық трактат. Мұнда адам болмысы, тағдыр, әділет, бақ пен қанағат секілді мәңгілік тақырыптар қозғалады. Жүсіп Баласағұн адам мен қоғам арасындағы қатынасты ислам этикасы мен түркі дүниетанымы негізінде ұштастырып, адамгершілікті биік мұрат ретінде көрсетеді. Бұл идеялар қазіргі заманның рухани дағдарыс жағдайында да өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Дастанда кездесетін тәрбиелік ойлар – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымымен өзара үндес. Мысалы, бала тәрбиесі, ата-анаға құрмет, үлкенге ізет, кішіге мейірім көрсету сияқты ұстанымдар кейінгі халық педагогикасында жалғасын тапты. Бұл тұрғыда Баласағұн еңбегі түркілік тәрбие философиясының бастау көзі саналады. Жүсіп Баласағұн өз шығармасында түркі тілінің байлығын дәлелдеуге ерекше мән берген. Ол өз дәуірінде ғылым мен әдебиеттің тілі болып саналатын араб және парсы тілдерімен қатар, түркі тілінің де терең мүмкіндігін көрсетуге тырысты. Ақын:

«Кімантар көп арабша да, тәжікіше,

Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше» – деп түркі тілінде алғаш жазылған ірі еңбекті дүниеге әкелгенін ескертеді [14].

Асқар Егеубаев осы рухани дәстүрдің жалғастырушысы ретінде түркі жазба мұраларын қазақ оқырманына жақындатты. Ол аударманы ғылыми зерттеу құралы ретінде қарастырып, тілдік, тарихи және мәдени байланыстарды кешенді түрде зерделеді. Егеубаев аудармалары арқылы түркілік өркениеттің рухани сабақтастығы айқындалып, қазақ әдебиетінің терең тамыры көрсетілді.

Ғалымның еңбектерінде герменевтикалық және салыстырмалы әдістердің тоғысуы байқалады. Ол ежелгі мәтіндерді түсіндіруде олардың тарихи контекстін, әлеуметтік мәнін және моральдық астарын біріктіріп талдайды. Мұндай тәсіл әдебиеттану ғылымында интерпретациялық дәстүрді қалыптастырды.

Жалпы алғанда, «Құтты білік» пен «Диуани лұғат ат-түрік» шығармалары – түркілік мәдениет пен дүниетанымның екі тұғыры. Бірі адам мен мемлекеттің үйлесімділігін насихаттаса, екіншісі тіл мен рухани бірліктің негізін айқындайды. Ал Асқар Егеубаев осы екі мұраның арасындағы сабақтастықты ғылыми тұрғыда дәлелдеп, олардың қазақ әдебиетіндегі орнын жаңаша танытты.

Қорытынды

«Құтты білік» – ежелгі түркі әдебиетінің поэзиялық формада жазылған алғашқы еңбектерінің бірі, адамның қоғамдағы орны мен әлеуметтік қатынастарын саралайтын терең философиялық трактат. Бұл шығарманы аудару тек көне түркі поэзиясының көркемдік қасиеттерін бүгінгі күнге жеткізумен шектелмейді. Сонымен қатар, бұл процесс ежелгі тіл мен қазіргі туыстас тілдердің сабақтастығын, ортақ негізін дәлелдеу тұрғысынан да маңызды. Көне тілден жақын тілдерге аударудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндай аударма барысында тілдік құрылымдардың, тарихи терминдердің, тұрақты сөз тіркестерінің, мақал-мәтелдер мен метафоралардың дұрыс берілуі – маңызды шарттардың бірі. Бұл поэтикалық мәтіндерге тән ерекшеліктерді ескермеу туындының көркемдік табиғатын бұрмалауы мүмкін. Сондықтан көне мұраларды аудару барысында еркін, сөзбе-сөз немесе мағыналық аударманың әрқайсысы өз алдына жеткіліксіз болуы мүмкін. Мұнда аудармашының кәсіби шеберлігімен қатар, ғылыми жауапкершілігі де жоғары деңгейде талап етіледі.

Көне түркі тіліндегі көптеген сөздердің түбірлік тұлғалары өзгеріссіз сақталғанымен, олардың мағыналық дамуы әртүрлі бағытта жүріп отырған. Кейбір идиомдар өз мәнін ғасырлар бойы сақтап қалса, енді бірқатары мүлде жаңа мағыналық реңкке ие болған. Бұған қоса, тілдің тарихи-әлеуметтік контексті де ерекше назар аударуды қажет етеді. Дастанның поэзиялық туынды екенін ескерсек, он ғасыр бұрынғы шығарманы қазіргі туысқан тілге

аудару барысында бірқатар күрделі мәселелер туындайтыны анық. Бұл мәселелер аударма тәжірибесінде соңғы жылдары жиі көтерілгенімен, теориялық тұрғыдан әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. «Құтты білік» сияқты бірегей әдеби жәдігерлерді аудару және насихаттау осы бағыттағы ғылыми және практикалық ізденістердің өзектілігін айқындайды. Мұндай аудармалар тек тіл байлығын ғана емес, сонымен қатар, ұлттың эстетикалық дүниетанымы мен тарихи поэтикалық мұрасын да тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Біз «Құтты білік» дастанының қазақ, өзбек, ұйғыр, түрік және орыс тілдеріндегі аудармаларын салыстыра отырып, бірнеше маңызды тұжырымдарға келдік. Көне түркі тіліндегі туындыларды қазіргі туыстас тілдерге аударғанда олардың көркемдік ерекшеліктерін, тілдің ғасырлар бойғы эволюциясын және мәтіннің түпнұсқалық бояуын мүмкіндігінше дәл жеткізу негізгі қағида болуы тиіс.

«Құтты білік» – түркі халықтарының мемлекеттілік, басқару жүйесі және қоғам дамуы туралы көзқарастарын бейнелейтін бірегей туынды. Оның көркемдік қуаты мен даналыққа толы мазмұны бүгінгі ұрпақ үшін де өзекті. Бұл еңбектің қазақ даласында дүниеге келуі – ежелгі түркі өркениетінің жоғары деңгейін және сол дәуірде бұл өңірде дамыған жазу дәстүрінің болғанын көрсетеді. Бұл шығарма бүгінгі қазақ халқына ата-бабасының мемлекеттік дәстүрі мен әдеби құндылықтарын тереңірек сезінуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Егеубаев А. Махмұт Қашқари: «Бұтағы көп ағашқа құс қонар» // Егемен Қазақстан. – 2001, 5 қаңтар.
2. Нысанбаев Ә. Құтты білік «Қарахан» мемлекетінің Ата Заңы. Жүсіп Баласағұн (XI ғ.) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – №18 (79). – Б. 27.
3. Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер // Кіт.: Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т. 17. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2013. – 380 б.
4. Әбілдаев Ж. «Құтты білік» дастанының үш нұсқасы. Жүсіп Баласағұн (XI ғасыр) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – №18 (78). – Б. 42–43.
5. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік // Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ. Егеубаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 б.
6. Егеубаев А. Түркі әлемінің рухани негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 312 б.
7. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Алматы: Алатау, 2005. – 332 б.
8. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 432 б.
9. Егеубаев А. Құтты білік және оның қазақ әдебиетіне ықпалы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 214 б.
10. Arat R.R. Kutadgu Bilig. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1959. – 798 s.
11. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Т. IX. – СПб., 1897. – 368 с.
12. Қыраубаева А. «Құтты білік» – кемел мемлекеттің құрылымы. Жүсіп Баласағұн (XI ғасыр) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – №18 (78). – Б. 10.
13. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 416 б.
14. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 356 б.

REFERENCES

1. Egeubaev A. Mahmut Qashqari: «Butagy kop agashqa qus qonar» [Mahmut Kashkari: “A bird lands on a tree with many branches”] // Egemen Qazaqstan. – 2001, 5 qantar. [in Kazakh]
2. Nysanbaev A. Qutty bilik «Qarahan» memleketinin Ata Zany. Zhusip Balasagun (XI g.) [“Kutty Bilik” – The Constitution of the “Karakhan” State] // Anyz adam: Zhuldyzdar otbasy. – 2013. – №18 (79). – B. 27. [in Kazakh]
3. Kone turki adebieti turaly zertteuler [Classical Studies: Research on Ancient Turkic Literature] // Kit.: Klassikalyq zertteuler: Kop tomdyq. T. 17. – Almaty: Adebiet Alemi, 2013. – 380 b. [in Kazakh]

4. Abildaev Zh. «Qutty bilik» dastanynyn ush nusqasy. Zhusip Balasagun (XI gasyr) [Three versions of the epic “Kutty Bilik”. Yusuf Balasaguni (XI century)] // Anyz adam: Zhuldyzdar otbasy. – 2013. – №18 (78). – B. 42–43. [in Kazakh]
5. Adebі zhadigerler. Zhiyrma tomdyq. 5-t.: Zhusip Balasagun. Qutty bilik [Literary Treasures. Twenty volumes. Vol. 5: Yusuf Balasaguni. “Kutty Bilik”] // Kone turki tilinen audaryp, algy sozi men tusinikterin zhazgan A.Q. Egeubaev. – Almaty: «Taimas» baspa uii, 2007. – 536 b. [in Kazakh]
6. Egeubaev A. Turki aleminin ruhani negizderi [The Spiritual Foundations of the Turkic World]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2002. – 312 b. [in Kazakh]
7. Kelimbetov N. Ezhelgi adebi zhadigerlikter [Ancient Literary Monuments]. – Almaty: Alatau, 2005. – 332 b. [in Kazakh]
8. Margulan A. Ezhelgi zhyr, anyzdar [Ancient Legends and Epics]. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 432 b. [in Kazakh]
9. Egeubaev A. Qutty bilik zhane onyn qazaq adebietine yqpaly [“Kutty Bilik” and its Influence on Kazakh Literature]. – Almaty: Zhazushy, 1995. – 214 b. [in Kazakh]
10. Arat R.R. Kutadgu Bilig [Kutadgu Bilig]. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1959. – 798 s. [in Turkish]
11. Radlov V.V. Obrazcy narodnoi literatury tiurkskih plemen. T. IX [Samples of the Folk Literature of the Turkic Tribes. Vol. 9]. – SPb., 1897. – 368 s. [in Russian]
12. Qyraubaeva A. «Qutty bilik» – kemel memlekettin qurylymy. Zhusip Balasagun (XI gasyr) [“Kutty Bilik” – The Structure of a Perfect State] // Anyz adam: Zhuldyzdar otbasy. – 2013. – №18 (78). – B. 10. [in Kazakh]
13. Berdibaev R. Qazaq eposy [Kazakh Epic]. – Almaty: Gylym, 1982. – 416 b. [in Kazakh]
14. Qyraubaeva A. Ezhelgi dauir adebieti [Ancient Era Literature]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2001. – 356 b. [in Kazakh]